

**"Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі № ҚР ДСМ-47 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 сәуірде № 18593 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.06.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 95-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12106 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

Е. Біртанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 24 сәуірдегі
№ ҚР ДСМ-47 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 17 тамыздағы
№ 669 бұйрығымен бекітілген

Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау ұйымдарының халыққа стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) стационарды алмастыратын көмек – медициналық бақылау жасалатын, күндізгі стационарды және үйдегі стационарды қамтитын, дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған медициналық көмекті, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып ұсыну нысаны

2) күндізгі стационар - халыққа стационарды алмастыратын көмекті денсаулық сақтау ұйымының базасында көрсету;

3) үйдегі стационар - халыққа стационарды алмастыратын көмекті үйде көрсету;

3) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар медицина қызметкері;

4) Емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) – ТМККК шеңберінде пациенттерді стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

5) ауыл – бұл халық саны 50 адамнан кем емес, оның ішінде ауыл қызметкерлері, орман және аң шаруашылығымен, ара шаруашылығымен, балық аулаумен және балық шаруашылығымен айналысатын, олардың отбасы мүшелері денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары, халықтың кемінде жартысын құрайтын елді мекен.

3. Стационарды алмастыратын көмекті медициналық қызметтің тиісті түрлеріне лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

4. Күндізгі стационарлардағы стационарды алмастыратын көмекті амбулаториялық-емханалық, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, үйдегі стационарларды – амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары ұсынады.

5. ТМККК шеңберінде күндізгі стационар және үйдегі стационар жағдайында ұсынылатын стационарды алмастыратын көмек осы пациентті емдеу үшін зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелері және қажетті бейінді мамандардың консультацияларымен алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша ұсынылады. Шұғыл көрсетілімдер бойынша стационарды алмастыратын көмек – жолдаманың болу-болмауына қарамастан көрсетіледі.

6. ТМККК тізбесіне кірмейтін стационарды алмастыратын көмек көрсету қызметтері ақылы негізде ерікті медициналық сақтандыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және өзге де тыйым салынбаған көздердің шеңберінде көрсетіледі.

7. ТМККК шеңберінде стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде гемодиализдік қызметтер алатын пациенттерді қоспағанда тамақтандыру көзделмеген

2-тарау. Стационарды алмастыратын көмектің медициналық қызметтерінің түрлері

8. Стационарды алмастыратын көмек:

1) медициналық көрсетілімдері бойынша дәрігердің қарап-тексеруін, бейінді мамандардың консультациясын;

2) бекітілген диагностика мен емдеу хаттамаларына сәйкес диагностикалық, оның ішінде зертханалық және патологоанатомиялық (операциялық және биопсиялық материалды гистологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер) қызметтерді;

3) медициналық манипуляцияларды және хирургиялық операцияларды жүргізу арқылы дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, стационарды алмастыратын терапияға себепші болған негізгі ауруларды емдеуді;

4) гемодиализ және перитонеальдық диализ жасауды;

5) химиялық және сәулелік терапия жүргізуді;

6) медициналық оңалтуды;

7) пациентке өз бетінше емханаға келуге мүмкіндік бермейтін жіті және созылмалы жағдайларда үйде стационарды ұйымдастыруды;

8) "Қанды, оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу номенклатурасын, қағидаларын, сондай-ақ, қанды, оның компоненттері мен препараттарын сақтау, құю қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 6 қарашадағы № 666 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 5925 болып тіркелген) сәйкес оларды дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу номенклатурасына және тәртібіне сәйкес, сондай-ақ, тәуліктік стационарлар кезінде стационарды алмастыратын көмек көрсеткенде, оларды сақтау, құю тәртібіне сәйкес қанды, оның компоненттерін, препараттарын қамтамасыз ету;

9) паллиативтік көмекті және мейіргер күтімін ұйымдастыруды;

10) еңбекке уақытша жарамсыздықты сараптауды қамтиды.

9. Стационарды алмастыратын көмек мамандандырылған медициналық ұйымдарда және (немесе) тиісті бейіндегі бөлімшелерде пациентке мынадай аурулар бойынша маманның қорытындысы бойынша көрсетіледі:

1) психикалық бұзылу және психобелсенді заттарды тұтынумен байланысты мінез-құлықтың бұзылысы;

2) қатерлі ісіктер;

3) инфекциялық және паразиттік аурулар (ішек инфекциялары, бактериялық зооноздар, вакцинамен басқарылатын инфекциялар);

4) пациентті және БК (-) оқшаулау жағдайы болған кездегі туберкулез;

5) тері (контагиозды дерматоздар, инфестациялар) және венерологиялық аурулар.

3-тарау. Стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібі

10. Стационарды алмастыратын көмек амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдары, тәуліктік стационар және үйдегі стационар жағдайларында осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес күндізгі стационарда басымдықпен емдеу үшін АХЖ-10 кодтары бойынша аурулардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі. Тәуліктік стационар жағдайында емдеуді талап етпейтін, диагнозды қойғанға дейін стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізу кезінде "Стационарлық көмек

көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 28 қазандағы № 12204 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стационарлық көмек көрсету қағидалары) Стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес амбулаториялық немесе стационарды алмастыратын жағдайларда емді жалғастыру туралы шешім қабылданады.

11. Амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдары, тәуліктік стационар жағдайларында стационарды алмастыратын көмек осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес күндізгі стационарда басымдықпен емдеуге жататын АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

12. Тәуліктік стационар жағдайында стационарды алмастыратын көмек осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

13. Амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдары, тәуліктік стационар және ауылдық деңгейде үйдегі стационар жағдайларында стационарды алмастыратын көмек осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес күндізгі стационарда басымдықпен емдеуге АХЖ-10 кодтары бойынша аурулардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

14. Амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдары, ауылдық деңгейде тәуліктік стационар жағдайларында стационарды алмастыратын көмек осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес күндізгі стационарда басымдықпен емдеуге жататын АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

15. Тәуліктік стационар жағдайында ауыл деңгейінде стационарды алмастыратын көмек осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

16. Үш жасқа дейінгі балалар күндізгі стационарға оларға тікелей күтім жасауды жүзеге асыратын адамдармен немесе алып жүретін адаммен, оның уәкілетті заңды өкілімен бірге емдеуге жатқызылады.

17. Пациентті күндізгі стационарға, үйдегі стационарға жіберген кезде: күндізгі стационарда және үйде басымдықпен емдеу үшін АХЖ-9, 10 кодтарына сәйкес аурулардың, операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес келуі бойынша бұйрыққа қосымшаларды басшылыққа алуы;

көрсетілемдер болған кезде МСАК немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының маманы пациентке клиникалық-диагностикалық (зертханалық, аспаптық және

функционалдык) зерттеулер, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын басшылыққа ала отырып, жіберілген диагнозға сәйкес бейінді мамандардың консультациясын жүргізеді;

күндізгі және үйдегі стационарда пациентті емдеу бойынша бейінді мамандардың ұсынымдарымен медициналық картадан көшірме қалыптастыруы;

Стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарлы күнін айқындаусыз АХЖ-10, 9 кодтары бойынша негізгі диагнозды көрсете отырып, пациенттің деректерін Емдеуге жатқызу бюросы порталына (бұдан әрі – Портал) тіркеу қажет. Гемодиализ және перитонеальдық диализ қызметтерін алуға жіберген кезде нақтылаушы Экстракорпоралдық диализ (бүйрек диализі) Z49.1 кодын және Диализдің басқа түрінің Z49.2 (перитонеальдық диализ) кодын көрсету қажет.

18. Пациент күндізгі стационарға, үйдегі стационарға түскен кезде Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (бұдан әрі – № 907 бұйрық) бекітілген есепке алу медициналық құжаттамасы толтырылады.

19. Амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдарының жанындағы күндізгі стационарға емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдер:

1) әлеуметтік себептердің қатары бойынша стационарға емдеуге жатқызу мүмкін болмайтын (бір жасқа дейінгі баланы емізетін ана, күтім жасауды қажет ететін 3 жасқа дейінгі балаларының болуы, мүгедек адамға күтім жасау қажеттілігі) тәуліктік стационарда емдеу үшін АХЖ-10 кодтары бойынша ауруларың тізбесі бойынша пациентке емдеу мен зерттеп-қарау кешенін жүргізу;

2) реанимациялық қолдауды талап етпейтін операциялық араласулар жүргізу;

3) тәуліктік медициналық бақылауды талап етпейтін созылмалы аурулардың асқынуы;

4) динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулары бар пациенттердің топтарын белсенді жоспарлы сауықтыру;

5) күндізгі стационарда басымдықпен емдеу үшін АХЖ-10 кодтары бойынша аурулардың тізбесіне қарамастан, стационарлық емдеуден кейін келесі күні терапиялық бейінді пациентті толықтай емдеу;

6) 3-ші кезеңдегі оналту іс-шараларының курстарын өткізу;

7) паллиативтік көмек болып табылады.

20. Тәуліктік стационардың жанындағы күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға үшін көрсетілімдер мыналар болып табылады:

1) арнайы операция алдындағы даярлықпен және реанимациялық қолдаумен операциялар мен араласулар жүргізу;

2) арнайы алдын ала даярлықты талап ететін, сондай-ақ амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдарында қолжетімсіз күрделі диагностикалық зерттеулер жүргізу;

3) пациентке байланысты жағдайларда (бала емізетін аналар, кішкентай балалар және басқа да отбасылық жағдайлар) тәуліктік стационарға емдеуге жатқызу мүмкіндігінсіз, емхананың күндізгі стационарында хирургиялық ем жүргізу мүмкіндігінсіз және тәуліктік стационарда емдеу үшін АХЖ-10 және 9 кодтары бойынша аурулар тізбесі бойынша төсек режимін сақтауды талап етпеу;

4) қан препараттарын құюмен, қан алмастыратын сұйықтықтарды вена ішіне құюмен, ерекше гипосенсибилизирлеуіш терапиямен, қатты әсер ететін препараттардың инъекциясымен, дәрілік заттарды буын ішіне енгізумен байланысты бақылау және емдеу;

5) тәуліктік стационарда емдеу үшін АХЖ-9 кодтары бойынша аурулардың тізбесі бойынша операциялық емдеуден кейін ерте шығаруға көрсетілімдер болған кезде стационарлық емнен кейін келесі күні хирургиялық бейінді пациентті толықтай емдеу;

6) паллиативтік көмек;

7) химиотерапия, сәулелік терапия болып табылады.

21. Стационарды алмастыратын көмекті ұсыну үшін жалпы қарсы көрсетілімдер:

1) емшараларды және медициналық бақылауды тәулік бойы жүргізуді талап ететін аурулар;

2) эпидемиологиялық қауіп кезеңіндегі инфекциялық аурулар;

3) "Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11512 болып тіркелген) сәйкес айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар болып табылады.

22. Күндізгі стационарда және үйдегі стационарда стационарды алмастыратын жағдайдағы медициналық көмекті МСАК мамандары (учаскелік терапевтер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер және мейіргерлер) көрсетеді, медициналық көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультациялары жүргізіледі.

23. Күндізгі стационардағы емдегі пациенттерді медицина қызметкерлері күнделікті қарап-тексереді.

24. Ауылдағы үйдегі стационарды МСАК (дәрігерлік амбулаторияның) дәрігері қарап-тексергеннен кейін және оның ұсынымдары бойынша медициналық пункттің, фельдшерлік-акушерлік пункттің орта медицина қызметкері ұйымдастыра алады.

25. Күндізгі стационарда және үйдегі стационарда стационарды алмастыратын көмек көрсетуді учаскелік (жалпы дәрігерлік) қызмет бөлімшесінің меңгерушісі, ол болмаған кезде учаскелік дәрігер (жалпы практика дәрігері), учаскелік терапевт (педиатр) дәрігер үйлестіреді.

26. Жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері күндізгі стационарда және үйдегі стационарда стационарды алмастыратын көмек көрсеткен кезде пациентті қарап-тексереді, жүргізіліп жатқан емді түзетеді, қажет болған кезде қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулерді және бейінді қызметтердің медициналық көмек көрсетуін ұйымдастыру стандарттарына сәйкес және диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын басшылыққа ала отырып, бейінді мамандардың консультацияларын тағайындайды. Зорлық-зомбылық фактілері және дене жарақаттары анықталған кезде емдеу-профилактикалық көмек көрсетеді, медициналық оңалту жүргізеді, жәбірленушілердің жүгіну фактілері және оларға көрсетілген медициналық көмек туралы ішкі істер органдарын хабардар етеді.

27. Жағдайы нашарлаған кезде, пациент жатқан денсаулық сақтау ұйымының медицина қызметкерлері кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді және пациент жедел медициналық көмек бригадасының тасымалдауымен емді жалғастыру үшін тәуліктік стационарға ауыстырылады.

28. Жағдайы жақсарған және стационарды алмастыратын көмекті талап етпейтін терапияны жалғастыру қажет болған кезде пациент активті бере отырып, тіркелген жері бойынша МСАК маманының бақылауымен одан әрі амбулаториялық ем алуға жіберіледі.

29. Тәуліктік бақылауды талап етпейтін пациентті үйдегі стационарда қадағалап-қарау үшін стационарды алмастыратын медициналық көмек алу қажет болған кезінде пациентке күндізгі стационарға күнделікті баруға кедергі келтіретін ағзалар функцияларының бұзылуы, сондай-ақ балаларда тұрақты алмастырушы ферментативтік және бактерияға қарсы терапияны алу үшін маусымдық вирустық аурулар кезеңінде оқшаулауды талап ететін инфекциялық асқынулардың жоғары қаупіне байланысты орфандық (сирек кездесетін) аурулардың болуы көрсетілімдер болып табылады.

30. Емдеу ұзақтығы пациент келіп түскен сәттен бастап:

1) гемодиализде, перитонеальдық диализдегі, химиялық және сәулелік терапияда, бағдарламалық терапиядағы, медициналық оңалту мен қалпына

келтіру еміндегі пациенттерді қоспағанда күндізгі стационарда 3 күннен кем емес және 8 жұмыс күнінен аспайтын;

2) үйдегі стационарда кемінде 3 жұмыс күнінен кем емес және жіті аурулар кезінде 5 жұмыс күнінен, созылмалы аурулары асқынған кезде 8 жұмыс күнінен аспайтын күнді құрайды.

31. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жанындағы күндізгі стационардың жұмыс режимі ауыспалы кесте бойынша кезекші персоналдың мереке және демалыс күндеріндегі тағайындауларды орындауын қамтамасыз ете отырып, сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін деп белгіленеді.

32. Стационарды алмастыратын көмек алған пациентті шығару кезінде № 907 бұйрықпен бекітілген № 066-4/е нысаны бойынша күндізгі стационарда және үйдегі стационарда емдеуден өткен науқастың статистикалық картасы толтырылады.

33. Қажетті ұсынымдарымен науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме № 907 бұйрықпен бекітілген № 027/е нысаны бойынша пациенттің қолына беріледі.

34. Төсектік режимді қажет ететін пациенттерге күндізгі стационар жағдайында медициналық көмек көрсетілмейді.

Стационарды алмастыратын
көмек көрсету қағидаларына
1-қосымша

Күндізгі стационарда басымдықпен емдеу үшін АХЖ 10 кодтары бойынша аурулар тізбесі

№	АХЖ-10 коды	АХЖ-10 атауы
1	A50.3	Көздің туа біткен, мерездік кеш зақымдануы
2	A50.4	Кеш, туа біткен нейромерез [жасөспірімдер нейромерезі] (G05.0*, G01*, G63.0*)
3	A50.7	Кеш, туа біткен анықталмаған мерез
4	A50.9	Анықталмаған, туа біткен мерез
5	B02.9	Асқынулары жоқ белдеу теміреткі
6	B17.9	Жіті вирустық анықталмаған гепатит
7	B18.0	Дельта-агентті созылмалы вирусты В гепатиті
8	B18.1	Дельта агентсіз вирусты созылмалы В гепатиті
9	B18.2	Вирусты созылмалы С гепатиті
10	B18.8	Вирусты созылмалы басқа гепатит

11	B18.9	Анықталмаған созылмалы вирусты гепатит
12	C00.0	Еріннің сыртқы бетінің қатерлі ісігі
13	C00.1	Төменгі еріннің сыртқы бетінің қатерлі ісігі
14	C00.2	Еріннің сыртқы бетінің анықталмаған қатерлі ісігі
15	C00.3	Жоғарғы еріннің ішкі бетінің қатерлі ісігі
16	C00.4	Төменгі еріннің ішкі бетінің қатерлі ісігі
17	C00.5	Еріннің ішкі бетінің, орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
18	C00.6	Ерін дәнекерінің қатерлі ісігі
19	C00.8	Еріннің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
20	C00.9	Еріннің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
21	C01	Тіл түбірінің қатерлі ісігі
22	C02.0	Тілдің арқашығының қатерлі ісігі
23	C02.1	Тілдің бүйірлік бетінің қатерлі ісігі
24	C02.2	Тілдің төменгі бетінің қатерлі ісігі
25	C02.3	Тілдің алдыңғы 2/3 бөлігінің анықталмаған қатерлі ісігі
26	C02.4	Тіл бадамшасының қатерлі ісігі
27	C02.8	Тілдің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу қатерлі зақымдануы
28	C02.9	Тілдің анықталмаған бөлімінің қатерлі ісігі
29	C03.0	Жоғарғы жақ сүйек қызыл иегінің қатерлі ісігі
30	C03.1	Төменгі жақ сүйек қызыл иегінің қатерлі ісігі
31	C03.9	Анықталмаған орналасуының қызыл иектің қатерлі ісігі
32	C04.0	Ауыз қуысы түбінің алдыңғы бөлімінің қатерлі ісігі
33	C04.1	Ауыз қуысы түбінің бүйірлік бөлімінің қатерлі ісігі
34	C04.8	Ауыз қуысы түбінің көрсетілген бір немесе одан көп орын алу

		шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
35	C04.9	Ауыз қуысы түбінің анықталмаған қатерлі ісігі
36	C05.0	Қатты таңдайдың қатерлі ісігі
37	C05.1	Жұмсақ таңдайдың қатерлі ісігі
38	C05.2	Тілшіктің қатерлі ісігі
39	C05.8	Жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан таңдайдың қатерлі зақымдануы
40	C05.9	Таңдайдың анықталмаған қатерлі ісігі
41	C06.0	Ұрттың сілемейлі қабығының қатерлі ісігі
42	C06.1	Ауыз кіріберісінің қатерлі ісігі
43	C06.2	Ретромолярлық аймақтың қатерлі ісігі
44	C06.8	Жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан ауыздың қатерлі зақымдануы
45	C06.9	Ауыздың анықталмаған қатерлі ісігі
46	C07	Шықшыт сілекей безінің қатерлі ісігі
47	C08.0	Төменгі жақ сүйек асты безінің қатерлі ісігі
48	C08.1	Тіласты безінің қатерлі ісігі
49	C08.8	Үлкен сілекей бездерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
50	C08.9	Үлкен сілекей безінің анықталмаған қатерлі ісігі
51	C09.0	Бадамша шұңқырының қатерлі ісігі
52	C09.1	Таңдай бадамшасы доғасының (алдыңғы) (артқы) қатерлі ісігі
53	C09.8	Бадамшаның жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
54	C09.9	Бадамшаның анықталмаған қатерлі ісігі
55	C10.0	Көмей қақпашығы шұңқырының қатерлі ісігі

56	C10.1	Көмей қақпашығы алдыңғы бетінің қатерлі ісігі
57	C10.2	Ауыз-жұтқыншақтың бүйірлік қабырғасының қатерлі ісігі
58	C10.3	Ауыз-жұтқыншақтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі
59	C10.4	Желбезек саңылауының қатерлі ісігі
60	C10.8	Ауыз-жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
61	C10.9	Ауыз-жұтқыншақтың анықталмаған орналасуының қатерлі ісігі
62	C11.0	Мұрын-жұтқыншақтың жоғарғы қабырғасының қатерлі ісігі
63	C11.1	Мұрын-жұтқыншақтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі
64	C11.2	Мұрын-жұтқыншақтың бүйірлік қабырғасының қатерлі ісігі
65	C11.3	Мұрын-жұтқыншақтың алдыңғы қабырғасының қатерлі ісігі
66	C11.8	Мұрын-жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
67	C11.9	Мұрын-жұтқыншақтың анықталмаған
68	C12	Алмұрт тәрізді қойнауның қатерлі ісігі
69	C13.0	Жүзік тәрізді аймақ жұтқыншақ артының қатерлі ісігі
70	C13.1	Жұтқыншақтың төменгі бөлімінің шөміштік-көмей қақпашығы қатпарының қатерлі ісігі
71	C13.2	Жұтқыншақтың артқы қабырғасының төменгі бөлігінің қатерлі ісігі
72	C13.8	Жұтқыншақтың төменгі бөлігінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
73	C13.9	Жұтқыншақтың төменгі бөлігінің, анықталмаған қатерлі ісігі
74	C14.0	Жұтқыншақтың анықталмаған қатерлі ісігі

75	C14.2	Вальдейердің жұтқыншақтық сақинасының қатерлі ісігі
76	C14.8	Еріннің, ауыз қуысы мен жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
77	C15.0	Өңештің мойындық бөлігінің қатерлі ісігі
78	C15.1	Өңештің кеуделік бөлігінің қатерлі ісігі
79	C15.2	Өңештің құрсақтық бөлігінің қатерлі ісігі
80	C15.3	Өңештің жоғарғы үштен бірінің қатерлі ісігі
81	C15.4	Өңештің ортаңғы үштен бірінің қатерлі ісігі
82	C15.5	Өңештің төменгі үштен бірінің қатерлі ісігі
83	C15.8	Өңештің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
84	C15.9	Өңештің анықталмаған қатерлі ісігі
85	C16.0	Асқазан кардиясының қатерлі ісігі
86	C16.1	Асқазан түбінің қатерлі ісігі
87	C16.2	Асқазан денесінің қатерлі ісігі
88	C16.3	Қақпақша кіребірісінің қатерлі ісігі
89	C16.4	Қақпақшаның қатерлі ісігі
90	C16.5	Асқазан кіші иінінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
91	C16.6	Асқазан үлкен иінінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
92	C16.8	Асқазанның жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
93	C16.9	Асқазанның орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
94	C17.0	Он екі елі ішектің қатерлі ісігі
95	C17.1	Аш ішектің қатерлі ісігі
96	C17.2	Мықын ішектің қатерлі ісігі

97	C17.3	Меккель бүйірқалтасының қатерлі ісігі
98	C17.8	Жіңішке ішектің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
99	C17.9	Жіңішке ішектің орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
100	C18.0	Соқыр ішектің қатерлі ісігі
101	C18.1	Құрт тәрізді өсіндінің қатерлі ісігі
102	C18.2	Жоғарылаған жиек ішектің қатерлі ісігі
103	C18.3	Жиек ішектің бауырлық иілістің қатерлі ісігі
104	C18.4	Көлденең жиек ішектің қатерлі ісігі
105	C18.5	Жиек ішектің көкбауырлық иілістің қатерлі ісігі
106	C18.6	Төмендеген жиек ішектің қатерлі ісігі
107	C18.7	Сигма тәрізді ішектің қатерлі ісігі
108	C18.8	Жиек ішектің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
109	C18.9	Жиек ішектің, орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
110	C19	Тік ішек пен сигма тәрізді ішектің қосылысының қатерлі ісігі
111	C20	Тік ішектің қатерлі ісігі
112	C21.0	Артқы өтістің, орны анықталмаған қатерлі ісігі
113	C21.1	Артқы өтіс арнасының қатерлі ісігі
114	C21.2	Клоакагенді аймақтың қатерлі ісігі
115	C21.8	Тік ішектің, артқы өтістің және артқы өтіс өзегінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
116	C22.0	Бауыр жасушалы обыр
117	C22.1	Бауыр ішілік өт түтігінің обыры
118	C22.2	Гепатобластома
119	C22.3	Бауыр ангиосаркомасы
120	C22.4	Бауырдың басқа саркомалары
121	C22.7	Бауырдың анықталған басқа обырлары

122	C22.9	Бауырдың анықталмаған қатерлі ісігі
123	C23	Өт қуықтың қатерлі ісігі
124	C24.0	Бауырдан тыс өт түтіктерінің қатерлі ісігі
125	C24.1	Фатер бүртігі ампуласының қатерлі ісігі
126	C24.8	Өт жолдарының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
127	C24.9	Өт жолдарының анықталмаған қатерлі ісігі
128	C25.0	Ұйқыбез басының қатерлі ісігі
129	C25.1	Ұйқыбез денесінің қатерлі ісігі
130	C25.2	Ұйқыбез құйрығының қатерлі ісігі
131	C25.3	Ұйқыбез түтігінің қатерлі ісігі
132	C25.4	Ұйқыбездің аралшықтық жасушаларының қатерлі ісігі (Лангерганс аралшықтары)
133	C25.7	Ұйқыбездің басқа бөлімдерінің қатерлі ісігі
134	C25.8	Ұйқыбездің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын қатерлі ісігі
135	C25.9	Ұйқыбездің, анықталмаған қатерлі ісігі
136	C26.0	Ішек трактісінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
137	C26.1	Көкбауырдың қатерлі ісігі
138	C26.8	Ас қорыту ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
139	C26.9	Ас қорыту жүйесінің шегінде орналасу орны дәл анықталмаған қатерлі ісігі
140	C30.0	Мұрын қуысының қатерлі ісігі
141	C30.1	Ортаңғы құлақтың қатерлі ісігі
142	C31.0	Жоғарғы жақ сүйек қойнауының қатерлі ісігі
143	C31.1	Торлы қойнаудың қатерлі ісігі
144	C31.2	Маңдай қойнауының қатерлі ісігі
145	C31.3	Сына тәрізді қойнаудың қатерлі ісігі
		Қосалқы қойнаулардың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп

146	C31.8	орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
147	C31.9	Қосалқы қойнаулардың анықталмаған қатерлі ісігі
148	C32.0	Меншекті дауыс аппаратының қатерлі ісігі
149	C32.1	Меншекті дауыс аппараты үстінде қатерлі ісігі
150	C32.2	Меншекті дауыс аппараты астының қатерлі ісігі
151	C32.3	Көмей шеміршектерінің қатерлі ісігі
152	C32.8	Көмейдің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымданулары
153	C32.9	Көмейдің анықталмаған қатерлі ісігі
154	C33	Кеңірдектің қатерлі ісігі
155	C34.0	Негізгі бронхылардың қатерлі ісігі
156	C34.1	Бронхылардың жоғарғы бөлігінің немесе өкпенің қатерлі ісігі
157	C34.2	Бронхылардың ортаңғы бөлігінің немесе өкпенің қатерлі ісігі
158	C34.3	Бронхылардың төменгі бөлігінің немесе өкпенің қатерлі ісігі
159	C34.8	Бронхылардың немесе өкпенің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
160	C34.9	Бронхылардың немесе өкпенің орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі
161	C37	Айырша бездің қатерлі ісігі
162	C38.0	Жүректің қатерлі ісігі
163	C38.1	Алдыңғы көкірек аралығының қатерлі ісігі
164	C38.2	Артқы көкірек аралығының қатерлі ісігі
165	C38.3	Көкірек аралығының анықталмаған бөлімінің қатерлі ісігі
166	C38.4	Өкпеқаптың қатерлі ісігі
167	C38.8	Жүректің, көкірек аралығының, өкпеқаптың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымданулары

168	C39.0	Жоғарғы тыныс алу жолдарының анықталмаған бөлігінің
169	C39.8	Тыныс алу ағзалары мен кеуде іші ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
170	C39.9	Тыныс алу ағзалары шегіндегі орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісік
171	C40.0	Жауырын мен қолдың ұзын сүйектерінің қатерлі ісігі
172	C40.1	Қолдың қысқа сүйектерінің қатерлі ісігі
173	C40.2	Аяқтың ұзын сүйектерінің қатерлі ісігі
174	C40.3	Аяқтың қысқа сүйектерінің қатерлі ісігі
175	C40.8	Сүйектер мен аяқ-қолдың буын шеміршектерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
176	C40.9	Аяқ-қол сүйектері мен буын шеміршектерінің орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі
177	C41.0	Бас сүйек пен бет сүйектерінің қатерлі ісігі
178	C41.1	Төменгі жақ сүйектің қатерлі ісігі
179	C41.2	Омыртқа бағасының қатерлі ісігі
180	C41.3	Қабырғалардың, төстің және бұғананың қатерлі ісігі
181	C41.4	Жамбас астауы, сегізкөз бен күйымшақ сүйектерінің қатерлі ісігі
182	C41.8	Сүйектер мен буын шеміршектерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
183	C41.9	Сүйектер мен буын шеміршектерінің анықталмаған қатерлі ісігі
184	C43.0	Еріннің қатерлі меланомасы
185	C43.1	Қабактың қатерлі меланомасы, қабақ дәнекерін қоса
186	C43.2	Құлақ пен сыртқы есту өтісінің қатерлі меланомасы

187	C43.3	Беттің басқа және анықталмаған бөліктерінің қатерлі меланомасы
188	C43.4	Бастың шашты бөлігі мен мойынның қатерлі меланомасы
189	C43.5	Дененің қатерлі меланомасы
190	C43.6	Иық буыны аймағын қоса алғандағы қолдың қатерлі меланомасы
191	C43.7	Ұршық буыны аймағын қоса алғандағы аяқтың қатерлі меланомасы
192	C43.8	Терінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі меланомалары
193	C43.9	Терінің анықталмаған қатерлі меланомасы
194	C44.0	Ерін терісінің қатерлі ісігі
195	C44.1	Қабақ дәнекерін қоса алғандағы қабақ терісінің қатерлі ісігі
196	C44.2	Құлақ терісі мен сыртқы есту өтісінің қатерлі ісігі
197	C44.3	Беттің басқа және анықталмаған бөліктері терісінің қатерлі ісігі
198	C44.4	Бастың шашты бөлігі мен мойын терісінің қатерлі ісігі
199	C44.5	Дене терісінің қатерлі ісігі
200	C44.6	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қол терісінің қатерлі ісігі
201	C44.7	Ұршық аймағын қоса алғандағы аяқ терісінің қатерлі ісігі
202	C44.8	Терінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымданулары
203	C44.9	Терінің анықталмаған аймағының қатерлі ісіктері
204	C45.0	Өкпеқап мезотелиомасы
205	C45.1	Ішперде мезотелиомасы
206	C45.2	Жүрекқап мезотелиомасы
207	C45.7	Орналасуы басқа мезотелиомалар
208	C45.9	Анықталмаған мезотелиома
209	C46.0	Терінің Капоши саркомасы
210	C46.1	Жұмсақ тіндердің Капоши саркомасы
211	C46.2	Таңдайдың Капоши саркомасы

212	C46.3	Лимфа түйіндерінің Капоши саркомасы
213	C46.7	Орналасуы басқа Капоши саркомасы
214	C46.8	Көп ағзалардың Капоши саркомасы
215	C46.9	Орналасу орны анықталмаған Капоши саркомасы
216	C47.0	Бастың, беттің және мойынның шеткі нервтерінің қатерлі ісігі
217	C47.1	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қолдың шеткі қатерлі ісігі
218	C47.2	Ұршық аймағын қоса алғандағы аяқтың шеткі нервтерінің қатерлі ісігі
219	C47.3	Кеуде торы шеткі нервтерінің қатерлі ісігі
220	C47.4	Құрсақтың шеткі нервтерінің қатерлі ісігі
221	C47.5	Жамбастың шеткі нервтерінің қатерлі ісігі
222	C47.6	Дененің анықталмаған шеткі нервтерінің қатерлі ісігі
223	C47.8	Шеткі нервтер мен вегетативтік нерв жүйесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
224	C47.9	Орналасуы анықталмаған шеткі нервтер мен вегетативтік нерв жүйесінің қатерлі ісігі
225	C48.0	Ішперде арты кеңістігінің қатерлі ісігі
226	C48.1	Ішперденің анықталған бөліктерінің қатерлі ісігі
227	C48.2	Ішперденің анықталмаған бөліктерінің қатерлі ісігі
228	C48.8	Ішперде арты кеңістігі мен ішперденің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
229	C49.0	Бастың, беттің және мойынның дәнекер және жұмсақ қатерлі ісігі
230	C49.1	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қолдың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі

231	C49.2	Ұршық аймағын қоса алғандағы аяқтың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі
232	C49.3	Кеуде торының дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі
233	C49.4	Құрсақтың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі
234	C49.5	Жамбастың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі
235	C49.6	Орналасу орны анықталмаған дененің дәнекер және жұмсақ қатерлі ісігі
236	C49.8	Дәнекер және жұмсақ тіндердің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
237	C49.9	Дәнекер және жұмсақ тіндердің орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі
238	C50.0	Емізік пен ареоланың қатерлі ісігі
239	C50.1	Сүт безінің орталық бөлігінің қатерлі ісігі
240	C50.2	Сүт безінің жоғарғы-ішкі квадрантының қатерлі ісігі
241	C50.3	Сүт безінің төменгі-ішкі квадрантының қатерлі ісігі
242	C50.4	Сүт безінің жоғарғы-сыртқы квадрантының қатерлі ісігі
243	C50.5	Сүт безінің төменгі-сыртқы квадрантының қатерлі ісігі
244	C50.6	Сүт безінің қолтықтық-артқы бөлігінің қатерлі ісігі
245	C50.8	Сүт безінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
246	C50.9	Сүт безінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
247	C51.0	Жыныстық үлкен ернеудің қатерлі ісігі
248	C51.1	Жыныстық ернеудің қатерлі ісігі
249	C51.2	Деліткінің қатерлі ісігі
250	C51.8	Сарпайдың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
251	C51.9	Сарпайдың анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі

252	C52	Қынаптың қатерлі ісігі
253	C53.0	Жатыр мойнының ішкі бөлігінің қатерлі ісігі (эндоцервикса)
254	C53.1	Жатыр мойнының сыртқы бөлігінің қатерлі ісігі (экзоцервикса)
255	C53.8	Жатыр мойнының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
256	C53.9	Жатыр мойнының анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
257	C54.0	Жатыр қылтасының қатерлі ісігі
258	C54.1	Эндометрияның қатерлі ісігі
259	C54.2	Миометрияның қатерлі ісігі
260	C54.3	Жатыр түбінің қатерлі ісігі
261	C54.8	Жатыр денесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
262	C54.9	Жатыр денесінің орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
263	C55	Жатырдың орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
264	C56	Анабездің қатерлі ісігі
265	C57.0	Фаллопий түтігінің қатерлі жаңа түзілімі
266	C57.1	Фаллопий түтігінің жалпақ байламының қатерлі ісігі
267	C57.2	Фаллопий түтігінің жұмыр байламының қатерлі ісігі
268	C57.3	Параметрияның қатерлі ісігі
269	C57.4	Жатырдың анықталмаған қосалқыларының қатерлі ісігі
270	C57.7	Әйелдердің басқа анықталған жыныс ағзаларының қатерлі ісігі
271	C57.8	Әйелдердің жыныс ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
272	C57.9	Орналасуы анықталмаған, әйелдердің жыныс ағзаларының қатерлі ісігі
273	C58	Бала жолдасының қатерлі ісігі
274	C60.0	Күпектің қатерлі ісігі
275	C60.1	Еркек жыныс мүшесі басының қатерлі ісігі

276	C60.2	Еркек жыныс мүшесі денесінің қатерлі ісігі
277	C60.8	Еркек жыныс мүшесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
278	C60.9	Орналасуы анықталмаған, еркек жыныс мүшесінің қатерлі ісігі
279	C61	Қуық асты безінің қатерлі ісігі
280	C62.0	Орнына түспеген атабездің қатерлі ісігі
281	C62.1	Орнына түскен атабездің қатерлі ісігі
282	C62.9	Атабездің, анықталмаған қатерлі ісігі
283	C63.0	Атабез қосалқысының қатерлі ісігі
284	C63.1	Енбаудың қатерлі ісігі
285	C63.2	Ұманың қатерлі ісігі
286	C63.7	Ерлердің басқа анықталған жыныс ағзаларының қатерлі ісігі
287	C63.8	Ерлер жыныс ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
288	C63.9	Ерлер жыныс ағзаларының, орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
289	C64	Бүйрек түбегінен басқа бүйректің қатерлі ісігі
290	C65	Бүйрек түбегінің қатерлі ісігі
291	C66	Несепағардың қатерлі ісігі
292	C67.0	Несепқуық үшбұрышының қатерлі ісігі
293	C67.1	Несепқуық күмбезінің қатерлі ісігі
294	C67.2	Несепқуықтың бүйірлік қабырғасының қатерлі ісігі
295	C67.3	Несепқуықтың алдыңғы қабырғасының қатерлі ісігі
296	C67.4	Несепқуықтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі
297	C67.5	Несепқуық мойнының қатерлі ісігі
298	C67.6	Несепағарлық тесіктің қатерлі ісігі
299	C67.7	Алғашқы несеп түтігінің (урахустың) қатерлі ісігі
300	C67.8	Несепқуықтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп

		орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
301	C67.9	Несепқуықтың анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
302	C68.0	Несеп шығаратын өзектің қатерлі ісігі
303	C68.1	Несеп шығаратын өзек маңы бездердің қатерлі ісігі
304	C68.8	Несеп ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
305	C68.9	Несеп ағзаларының анықталмаған қатерлі ісігі
306	C69.0	Конъюнктиваның қатерлі ісігі
307	C69.1	Мөлдір қабықтың қатерлі ісігі
308	C69.2	Торқабықтың қатерлі ісігі
309	C69.3	Тамырлы қабықтың қатерлі ісігі
310	C69.4	Кірпікті [цилиарлық] дененің қатерлі ісігі
311	C69.5	Көз жас безі мен түтігінің қатерлі ісігі
312	C69.6	Көз шарасының қатерлі ісігі
313	C69.8	Көз бен оның қосалқы аппаратының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
314	C69.9	Көздің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
315	C70.0	Ми қабықтарының қатерлі ісігі
316	C70.1	Жұлын қабықтарының қатерлі ісігі
317	C70.9	Ми қабықтарының анықталмаған қатерлі ісігі
318	C71.0	Үлестері мен қарыншаларынан басқа, мидың қатерлі ісігі
319	C71.1	Маңдай бөлігінің қатерлі ісігі
320	C71.2	Самай бөлігінің қатерлі ісігі
321	C71.3	Шеке бөлігінің қатерлі ісігі
322	C71.4	Қаракұс бөлігінің қатерлі ісігі
323	C71.5	Ми қарыншаларының қатерлі ісігі
324	C71.6	Мишықтың қатерлі ісігі
325	C71.7	Ми сабауының қатерлі ісігі
		Мидың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен

326	C71.8	шығып жатқан қатерлі зақымдануы
327	C71.9	Мидың, орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі
328	C72.0	Жұлынның қатерлі ісігі
329	C72.1	Жұлынның жылқы құйрығының қатерлі ісігі
330	C72.2	Иіс сезу нервісінің қатерлі ісігі
331	C72.3	Көру нервісінің қатерлі ісігі
332	C72.4	Есту нервісінің қатерлі ісігі
333	C72.5	Басқа және анықталмаған бас сүйек нервілерінің қатерлі ісігі
334	C72.8	Ми мен орталық нерв жүйесінің басқа бөлімдерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
335	C72.9	Орталық нерв жүйесінің анықталмаған бөлімінің қатерлі ісігі
336	C73	Қалқанша бездің қатерлі ісігі
337	C74.0	Бүйрекүсті безі қыртысының қатерлі ісігі
338	C74.1	Бүйрекүсті безінің ми қабатының қатерлі ісігі
339	C74.9	Бүйрекүсті безінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
340	C75.0	Қалқанша жанындағы [қалқанша маңы] бездің қатерлі ісігі
341	C75.1	Гипофиздің қатерлі ісігі
342	C75.2	Краниофарингиалдық түтіктің қатерлі ісігі
343	C75.3	Томпак бездің қатерлі ісігі
344	C75.4	Каротидтік гломустың қатерлі ісігі
345	C75.5	Қолқалық гломус пен басқа параганглийлердің қатерлі ісігі
346	C75.8	Бірден артық эндокриндік бездің анықталмаған қатерлі зақымдануы
347	C75.9	Анықталмаған эндокриндік бездің қатерлі ісігі
348	C76.0	Бастың, беттің және мойынның дәл белгіленбеген қатерлі ісігі
349	C76.1	Орналасуы дәл белгіленбеген кеуде торының қатерлі ісігі
350	C76.2	Орналасуы дәл белгіленбеген, құрсақтың қатерлі ісігі

351	C76.3	Жамбастың орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі
352	C76.4	Қолдың, орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі
353	C76.5	Аяқтың, орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі
354	C76.7	Басқа анықталмаған орналасулардың қатерлі ісіктері
355	C76.8	Басқа және орналасуы дәл анықталмаған жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
356	C77.0	Бастың, беттің және мойынның лимфа түйіндерінің салдарлық қатерлі ісігі
357	C77.1	Кеуде іші лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі
358	C77.2	Құрсақ іші лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі
359	C77.3	Қолтық ойығы мен қолдың лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі
360	C77.4	Шап аймағы мен аяқтың лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі
361	C77.5	Жамбас астауы ішілік лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі
362	C77.8	Көптеген орындарда орналасқан лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі
363	C77.9	Орналасуы анықталмаған лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі
364	C78.0	Өкпенің салдарлық қатерлі ісігі
365	C78.1	Көкірек аралығының салдарлық қатерлі ісігі
366	C78.2	Өкпеқаптың салдарлық қатерлі ісігі
367	C78.3	Басқа және анықталмаған тыныс алу ағзаларының салдарлық қатерлі ісігі
368	C78.4	Жіңішке ішектің салдарлық қатерлі ісігі
369	C78.5	Тоқ және тік ішектердің салдарлық қатерлі ісігі
370	C78.6	Ішперде мен ішперде арты кеңістігінің салдарлық қатерлі ісігі
371	C78.7	Бауырдың салдарлық қатерлі ісігі
372	C78.8	Ас қорыту ағзаларының басқа және анықталмаған салдарлық қатерлі ісігі

373	C79.0	Бүйрек пен бүйрек түбекшелерінің салдарлық қатерлі ісігі
374	C79.1	Неспкуықтың, басқа және анықталмаған несеп ағзаларының салдарлық қатерлі ісігі
375	C79.2	Терінің салдарлық қатерлі ісігі
376	C79.3	Ми мен ми қабықтарының салдарлық қатерлі ісігі
377	C79.4	Нерв жүйесі бөлімдерінің басқа және анықталмаған салдарлық қатерлі ісігі
378	C79.5	Сүйектер мен сүйек кемігінің салдарлық қатерлі ісігі
379	C79.6	Анабездің салдарлық қатерлі ісігі
380	C79.7	Бүйрекүсті безінің салдарлық қатерлі ісігі
381	C79.8	Басқа анықталған орындарда орналасқан салдарлық қатерлі ісік
382	C80.0	Орналасқан жері анықталмаған бастапқы қатерлі ісік
383	C80.9	Анықталмаған қатерлі ісік
384	C81.0	Лимфалық басымдылық, лимфогистициттік басымдылық
385	C81.1	Ходжкин ауруы, нодулалық беріштену
386	C81.2	Ходжкин ауруы, аралас жасушалы нұсқа
387	C81.3	Ходжкин ауруы, лимфалық жүдеу
388	C81.4	Классикалық Ходжкин ауруы кезіндегі лимфалық артылу
389	C81.7	Ходжкин ауруының басқа пішіндері
390	C81.9	Анықталмаған Ходжкин ауруы
391	C82.0	Ядролары ыдыраған, ұсақ жасушалы, фолликулалық ходжкиндік емес лимфома
392	C82.1	Аралас, ядролары ыдыраған және ірі жасушалы фолликулалық ходжкиндік емес лимфома
393	C82.2	Ірі жасушалы, фолликулалық ходжкиндік емес лимфома
394	C82.3	IIIa деңгейлі фолликулалық лимфома
395	C82.4	IIIб деңгейлі фолликулалық лимфома
396	C82.5	Фолликулалық орталықтан диффузиялық лимфома

397	C82.6	Фолликулалық орталықтан бастапқы тері лимфома
398	C82.7	Ходжкиндік емес фолликулалық лимфоманың басқа түрлері
399	C82.9	Анықталмаған ходжкиндік емес фолликулалық лимфома
400	C83.0	Ұсақ жасушалы таралған ходжкиндік емес лимфома
401	C83.1	Ядролары ыдыраған ұсақ жасушалы таралған ходжкиндік емес лимфома
402	C83.2	Аралас, ұсақ және ірі жасушалы таралған ходжкиндік емес лимфома
403	C83.3	Ірі жасушалы таралған ходжкиндік емес лимфома
404	C83.4	Иммунобластылы таралған ходжкиндік емес лимфома
405	C83.5	Лимфобластылы таралған ходжкиндік емес лимфома
406	C83.6	Екшелмеген таралған ходжкиндік емес лимфома
407	C83.7	Беркитт ісігі
408	C83.8	Ходжкиндік емес таралған лимфомалардың басқа түрлері
409	C83.9	Анықталмаған, таралған ходжкиндік емес лимфома
410	C84.0	Уақ саңырауқұлақ түрлі микоз
411	C84.1	Сезари ауруы
412	C84.2	T-аймағының лимфомасы
413	C84.3	Лимфоэпителиоидтық лимфома
414	C84.4	Шеткі T- жасушалы лимфома
415	C84.5	Басқа және анықталмаған T- жасушалы лимфомалар
416	C84.6	Анапластикалық ірі жасушалы лимфома, ALK-оң
417	C84.7	Анапластикалық ірі жасушалы лимфома, ALK-теріс
418	C84.8	T- жасушалы анықталмаған тері лимфомалар
419	C84.9	Піскен T/NK-жасушалық лимфома , анықталмаған
420	C85.0	Лимфосаркома
421	C85.1	Анықталмаған B- жасушалы саркома

422	C85.2	Медиастиналдық (тимиялық) ірі жасушалы В-жасушалық лимфома
423	C85.7	Ходжкиндік емес лимфоманың басқа анықталған түрлері
424	C85.9	Ходжкиндік емес лимфоманың анықталмаған түрі
425	C86.0	Экстранодалдық NK/ Т-жасушалық лимфома, назалдық түрі
426	C86.1	Гепатоспленалдық Т-жасушалық лимфома
427	C86.2	Т-жасушалық лимфоманың энтеропатикалық (асқазандық) түрі
428	C86.3	Теріастылық панникул тәріздес Т-жасушалық лимфома
429	C86.4	Бластілік NK-жасушалық лимфома
430	C86.5	Ангиоиммундық Т-жасушалық лимфома
431	C86.6	Бастапқы терілік CD30-оң Т-жасушалық пролиферация
432	C88.0	Вальденстрем макроглобулинэмиясы
433	C88.1	Альфа ауыр-тізбектер ауруы
434	C88.2	Гамма ауыр-тізбектер ауруы
435	C88.3	Жіңішке ішектің иммунопролиферациялық ауруы
436	C88.4	Шырыш қабықтық лимфоидтық тіндерінің маргиналды аумағы жасушаларының [MALT-лимфома] экстранодалдық В-жасушалық лимфомасы
437	C88.7	Басқа қатерлі иммунопролиферациялық аурулар
438	C88.9	Анықталмаған қатерлі иммунопролиферациялық аурулар
439	C90.0	Көптеген миелома
440	C90.1	Плазмажасушалы лейкоз
441	C90.2	Экстремедуллалық плазмацитома
442	C90.3	Дара плазмоцитома
443	C91.0	Ушыққан лимфобластылық лейкоз
444	C91.1	Созылмалы лимфоциттік лейкоз
445	C91.2	Ушыққан лимфоциттік лейкоз
446	C91.3	Пролимфоциттік лейкоз
447	C91.4	Түкті жасушалы лейкоз

448	C91.5	Ересектердің Т- жасушалы лейкозы
449	C91.6	Пролимфоцитарлық лейкоздың Т-жасушалық түрі
450	C91.7	Басқа анықталған лимфалық лейкоз
451	C91.8	Беркиттің піскен В-жасушалық лейкозы
452	C91.9	Анықталмаған лимфалық лейкоз
453	C92.0	Ушыққан миелоидты лейкоз
454	C92.1	Созылмалы миелоидты лейкоз
455	C92.2	Ушыққанлеу миелоидты лейкоз
456	C92.3	Миелоидты саркома
457	C92.4	Ушыққан промиелоцитті лейкоз
458	C92.5	Ушыққан миеломоноцитті лейкоз
459	C92.6	11q23-аномалиялы жіті миелоидты лейкоз
460	C92.7	Басқа миелоидты лейкоз
461	C92.8	Мультилинейлік дисплазиялы жіті миелоидты лейкоз
462	C92.9	Анықталмаған миелоидты лейкоз
463	C93.0	Ушыққан моноцитті лейкоз
464	C93.1	Созылмалы моноцитті лейкоз
